

"Форт-Шевченко қаласының жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" Түпқараған аудандық мәслихатының 2018 жылғы 20 шілдедегі № 22/189 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 2025 жылғы 17 наурыздағы № 26/131 шешімі

Түпқараған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Форт-Шевченко қаласының жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" Түпқараған аудандық мәслихатының 2018 жылғы 20 шілдедегі №22/189 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3698 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Форт-Шевченко қаласының жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентінде:

2 тармақта:

1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;"

4) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"4) жергілікті өзін-өзі басқару – халық тікелей жүзеге асыратын, сондай-ақ мәслихаттар және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылатын Заңда, өзге де нормативтік құқықтық актілерде айқындалған тәртіппен жергілікті маңызы бар мәселелерді өзінің жауапкершілігімен дербес шешуге бағытталған қызмет;

Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 24.07.2025 № 31/147 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат төрағасы

А.Байбатырова